

**"Фармацевтикалық қызметті жүзеге асыратын мамандарды мерзімдік аттестаттау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 658 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі N 229 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 5 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5209 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2009 жылғы 6 қарашадағы N 660 Бұйрығымен

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2009.11.06 N 660 бұйрығымен.**

"Қазақстан Республикасының Дәрілік заттар туралы " 2004 жылғы 13 қаңтардағы Заңын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Фармацевтикалық қызметті жүзеге асыратын мамандарды мерзімдік аттестаттау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 658 бұйрығына (Қазақстан Республикасындағы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2007 жылғы 25 қаңтардағы N 4525 тіркелген, "Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер бюллетені" журналында жарияланған, N 2, 2007 жыл) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

5-тармақта "2008 жылғы маусым" деген сөздер "2009 жылғы қаңтар" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Фармацевтикалық қызметті жүзеге асыратын мамандарды мерзімдік аттестаттау ережесінде :

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Аттестаттауды дәрілік заттар айналымы саласында бақылаушы және іске асырушы функцияларды жүзеге асыратын дәрілік заттар айналымы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері құратын аттестаттау комиссиялары (бұдан әрі - аттестаттау комиссиясы) жүргізеді";

5-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Біліктілік емтихан тапсырып, санаты берілген мамандар аттестаттаудан өтуден босатылады.";

11-тармақ алынып тасталсын;

12-тармақта "өңірлік" деген сөз алынып тасталсын;

13 және 14-тармақтар алынып тасталсын;

17-тармақ мынадай мазмұндағы 5), 6) тармақшалармен толықтырылсын:

"5) аттестатталатын адамның жұмыс берушінің - Қазақстан Республикасының салық төлеушісі куәлігінің көшірмесі;

6) аттестатталатын адамның жұмыс берушісінің (егер аттестатталатын адамның жұмыс берушісі заңды тұлға болса) - статистикалық карточкасының көшірмесі".

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармацевтикалық бақылау комитеті (Баймұқанов С.А.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ұйымдастыру-құқықтық қамтамасыз ету департаменті (Малғаждарова Б.Т.) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Қ.Т. Омаровқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

*А. Дерновой*